Мектептегі 1-класс оқушыларының қорытынды талдамалық есебі

ҚР жалпыға бірдей білім беру заңы саласында басшылыққа алатын мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілердің орындалуы:

I.Ереже негіз болған құжаттар
-ҚР Конституциясы 17 бабы
- Балалар құқығы туралы Конвенциясы 20.11.1998 ж.12 бап
- ҚР «Бала құқығы туралы» Заңы 2002 ж.08.08. № 345
-ҚР «Білім туралы» Заңы 2007 ж.27.07.№ 319
- ҚР «Неке және Отбасы» Кодексі.1998 ж.17.12.№ 321
-ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалауынсыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы» Заңы 2004 ж. 09.07.№591

Мақсаты: Оқу үрдісі барысында білім алушыларға, педагогтарға және ата – аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, білім алушылардың интеллектуалдық және тұлғалық тұрғыда дамуына, қалыптасуына үлес қосу, түрлі психологиялық мәселелерді шешуде қолайлы жағдай туғызу.

Міндеттері:

1.Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту.
2.Білім алушыларды психологиялық- педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету.
3.Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге жеке және топтық көмек көрсету.
4.Психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру.
5. «Тәуекел тобына» жататын білім алушыларды анықтау, тиісті шараларды жүзеге асыру;

Осы оқу жылында басында 2022-2023 жылы 1-11 кластар аралығындағы зерттеу жұмыстары бекітілді, түрлі психологиялық диагностикалар, сауалнамалар, бақылаулар,жеке және топтық кеңестер,дөңгелек үстелдер өткізу болып мектепшілік жоспар құрылды, және мектеп директорымен бекітіледі.
Мектепте жалпы оқушы саны бала.

Мақсаты: Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқулардың болдырмау,жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту.

Міндеттері:

Әрбір оқушыға мақсатты айқын мәдени тұлға болуға әсер ету;
Әрбір оқушының жеке бойындағы ерекше мүмкіндіктерді ашуға көмектесу;
Мектеп ұжымында жағымды психологиялық хал-ахуалдың болуына әсер ету;
Оқушы бойындағы жекелеген ауытқушылықтардың алдын-алу;
Бәсекеге қабілетті маман даярлауға психологиялық ықпал жасау;

I. Психологиялық диагностикалар:

1 - кластың оқушыларымен мына төмендегідей жұмыстар қатары өткізілді:

1.Керн-Йерасек тесті

2. Н.Г. Лусканов әдістемесін қолдана отырып «Мектепте маған не ұнайды?» атты тақырыпта суреттік тест өткізілді қорытынды нәтижелері мына төмендегідей есептелді:

Класы	1 «а»	1 «ә»	1 «б»
Мектепке дайын оқушылар қатары	76 %	77 %	66%
Мектепке дайын емес оқушылар қатары	24 %	23 %	34%

Қорытындысы:


Тест барысында балалардың мектепке көзқарастары оң екендігі анықталды. Балалардың басым көпшілігі мектепке бойын үйреткен. 1-тапсырманы орындау кезінде балалардың ер адамды бейнелеуде аңғарымпаздылық дағдылары әлі дұрыс қалыптаспаған екендігі анық байқалды. 2-тапсырманы орындау барысында көп оқушылар пішіндерді көшіріп салуда қиналды. 3-тапсырманы оқушылардың жазу дағдылары қалыптасқан екендігі байқалды.

Ұсыныс:

1.Төмен деңгейдегі 1-класс оқушылары Шамшат Дамир.Серіков Азур.Қартбаев Ержігіт. (ЕБҚО)Жұмабек Әлібек .Мәлік Бекзат.Олжабай Сырым.Әлімжан Амир.Ертай Арнұр. деген оқушылар жайлы мәліметтер алу.
2.Психолог тарапынан осы оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу.
3.I тоқсан соңындағы ата-аналар жиналысына қатысып, әрбір жеке ата-ананы тест қорытындыларымен таныстырылды.

4.Осы аталған оқушылармен мұғалімдер жеке жұмыстар жыл бойы жүргізілді.

Салыстырмалы мониторинг:




Сонымен қатар 1 класс оқушыларының бастауыш буынға тез бейімделуіне педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету де «Менің сүйікті класс жетекшім» тренингі, «Періште» ойындары өткізілді.Сонымен қатар ата-аналар жиналысы өткізілді.

1-класс «Алма ағашы» әдістемесі
Мақсаты: Бұл қарапайым тест оқушыларға жеке басының барлық субъектісін ашпаса да, психологиялық портретіңіздің элементін көруге және өзін-өзі бағалауын көрсетеді.

1-класс оқушыларының ортадағы өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу

	класы	Жоғары деңгейдегі бағалау	Орташа деңгейдегі бағалау	Төменгі деңгейдегі бағалау
1	1а	6 /25%	15/62%	3/12%
2	1ә	10/38%	14/54%	2/8%
3	1бб	15/62%	6/25%	2/8%



Қорытынды: бұл сыныптарда мектеп психологының психодиагностикалық зерттеу жүргізген мәліметі бойынша психикалық процестеріне зерттеу жүргізіліп оқушылардың ойлау зейін, қабылдау, ес, түрлері қалыпты деңгейде. Сонымен қатар оқушылар кейбір оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.Оқушылармен топтық түзету –дамыту, ағартушылық және акция жұмыстары жүргізілп отырды.

Ұсыныс:

- оқушыларға топтық кеңестер беру.
-Психологиялық сағаттар өткізу
-Мектептегі балалардың эмоциялық көңіл-күйін бақылау.

Педагог-психолог: Нурмаганбетова А.С